

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша ұйым қызметкерлері үшін тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізу

ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 1

2026 ж. «15» 01

Өтетінорны: Астана қаласы, Есенберлин к-сі 10, 3 қабат, 327

Өтетін уақыты: 10 сағат 00 минут

Төрағалықетті: *директор, комплаенс -офицер*

Қатысқандар: *тізім бойынша*

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы;
2. Әр түрлі.

Сөз сөйледі: Г.А.Каримов – директор қызметкерлер арасында өз езегінде қызметкерлердің құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа өзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша қызметін жүзеге асыруын білдіретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру туралы заңнама талаптарының орындалуы туралы түсіндірме әңгіме жүргізді.

Комплаенс-офицер - Елубаева С.А. сөз сөйледі, ол да түсіндіру жұмысы арасында Астана қаласы әкімдігінің «Жастар театры» МКҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесінің анықтамаларын айтып, таныстырып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі заңнамалық деңгейде алдыналу бағытындағы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға реакция болып табылатын 14 түрлі сипаттағы шараларды қамтиды. Шартты түрде оларды үш топқа бөлуге болады:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру (алдын алу);

3) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға реакция және олардың салдарын жою.

Негізгі топтардың бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл топқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда көзделген мынадай шаралар кіреді:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтау;
- 3) Қаржылық бақылау;
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- 5) Мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу;
- 6) Кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын.

Осы шараларға анықтамалар берейік: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту міндетіне ие. Ол білім беру (сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру), ақпараттық (түсіндіру жұмысы) және ұйымдастырушылық (әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізу) сипаттағы тұтаскеше нарқылы шешіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар нақты саладағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұсынымдар жүйесін білдіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері жұртшылықтың қатысуымен әзірлейді және заңнаманы әзірлеу кезінде және құқық қолдану практикасында ескеріледі.

Қаржылық бақылау жеке тұлғалардың:

1) активтер мен міндеттемелер туралы (тұлғалар тізбесі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 11-бабының 2-тармағында белгіленеді);

2) кірістер мен мүлік туралы (адамдардың тізбесі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 11-бабының 3-тармағында белгіленеді) декларацияларды ұсынуы арқылы жүзеге асырылады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – бұл мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызметке кандидаттар өзіне қабылдайтын белгілі бір іс-әрекеттер жасауға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салу.

Сонымен қатар, «Жастар театрының» 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс жоспары, жалпы ережелер қаралып, олардың мақсаттары мен міндеттері айқындалды.

Жоспардың жетекші мақсаттары: алғышарттарға жол бермеу, театрдағы сыбайлас жемқорлық фактілерінің мүмкіндігін болдырмау; әкімшіліктің құзыреті аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз ету; театр әкімшілігінің қызметіне азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Жиналыс қорытындысы бойынша (қабылданған шешім):

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарын адал сақтау;
2. Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысу;
3. Сыбайлас жемқорлықтың кезкелген көріністеріне нөлдік төзімділікті қамтамасыз ету;
4. Сыбайлас жемқорлық сипатының кезкелген көріністері немесе ұжым арасындағы мүдделер қақтығысы туралы дереу хабарлау.

**Төрағалықетуші,
Директор**


Қолы

Каримов Г.А.
(Т.А.Ә.)

**Комплаенс-офицер,
Жиналыс хатшысы**


Қолы

Елубаева С.А.
(Т.А.Ә.)

ЖИНАЛЫС ФТОСЫ

